
	<p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</p>	<p>П 017-1.15-2023</p>
		<p>30.11.2023 ж.</p>
	<p><u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі</p>	<p>Бет 1-12</p>


**ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер
академиясы» РММ
иллюстраторлар туралы ереже**

Алматы
2023 ж.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.15-2023 30.11.2023 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 2-12


АЛҒЫ СӨЗ

- 1. ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ** ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру қызметі
- 2. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ** ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен «30» қараша 2023 жылы № 4 хаттама.
№ 3 баспа
- 3. ӨЗГЕРТУЛЕР ЕНІЗУ МЕН ҚОСЫМША ҚОСУ** 2 баспаның орнына енгізілді 26.05.2022 ж. хат № 10
- 4. МЕРЗІМДІ ТЕКСЕРУ** 3 жыл

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.15-2023 30.11.2023 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 3-12

МАЗМҰНЫ

1. Қолданылу саласы.....	4
2. Нормативтік сілтемелер.....	4
3. Терминдер мен анықтамалар.....	5
4. Жалпы ережелер.....	5
5. Жұмыс тәртібі.....	6
6. Иллюстраторларға қойылатын талаптар.....	7
7. Міндеттері.....	7
8. Құқықтары.....	8
9. Жауапкершіліктері.....	9
10. Иллюстраторлық сағаттар.....	9
Келісім парағы.....	10
Иллюстраторлардың жүктеме нормасының кредиттер саны (Қосымша 1).....	11
Таныстыру парағы.....	12

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.15-2023 30.11.2023 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 4-12

ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ
 Ғылыми-келесінің шешімімен
 бекітпді «30» қараша 2023 жыл
 №4 хаттама



1. Қолданылу саласы

1. Осы Ереженің талаптары ҚР МАМ - нің «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ (бұдан әрі-академия) білім беру топтарында (бұдан әрі - ББТ)/ қолданылады:


- 1) «Орындаушылық өнер» ББТ /«Эстрада өнері», «Дәстүрлі музыкалық өнер» білім беру бағдарламасына (бұдан әрі- ББ);
- 2)Хореография ББТ,/ «Балетмейстерлік өнер» ББ/.
3. Аудиовизуалды құрылғылар және медиаөндіріс ББТ/Аудиоөндіріс ББ

2. Осы ереже академияның ішкі нормативтік құжаты болып табылады және сапа менеджменті жүйесіне тексеру жүргізу кезінде сертификаттау органдарының аудиторларынан (олардың талап етуі бойынша) басқа тұлғаларға ұсынуға жатпайды.

2. Нормативтік сілтемелер

Ереже келесі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

- 1)Қазақстан Республикасының «Білім туралы" Заңы 27.07.2007 ж. №319-III
- 2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 14 ақпандағы «Жоғары оқу орындарының ерекше мәртебесі туралы ережесі туралы» № 66 қаулысы.
- 3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 30.10.2018 жылғы №595 бұйрығы "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»;
- 4) Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;
- 5) «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы;
- 6)Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы «Мәдениет, білім беру, мәдениет, тілдерді дамыту, архив ісі және құжаттамалық қамтамасыз ету, дене шынықтыру және спорт

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.15-2023
		30.11.2023 ж.
Ереже нормативтік құжат түрі		Бет 5-12

салаларындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы» № 419 бұйрығы.

7) ҚР БЖҒМинистрінің 31.10.2018 г. «Әскери, арнаулы оқу орындарын, мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының профессор-оқытушылар құрамының жалпы санын есептеу үшін білім алушылар санының оқытушыларға орташа арақатынасы туралы» №606 бұйрығы.

8) ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Жарғысы.

3. Терминдер мен анықтамалар

1) **студенттік оркестрдегі иллюстратор** – бұл оркестрде жұмыс тәжірибесі бар солист-аспапшы. Иллюстраторлар студенттерге оркестрлік партияларды игеруге және «Оркестрлік класс», «Фольклорлық ансамбль», «Ансамбль» «Концерттік аспаптық орындаушылық» т.б. сабақтарында, оқу, дайындық үрдісінде және концерттік қызметте орындалатын шығармалардағы күрделі техникалық мәселелерді шешуге көмектеседі.

Дыбысрежиссерлері көркемдік және техникалық дыбыстық дизайнға жауап береді, оркестрдің дыбыстық аппаратурасын орнатады және реттейді.

2) **хореографиялық композициядағы иллюстратор** - бұл балеттің, би ансамблінің кәсіби артисі, орындаушы. Иллюстратор "Балетмейстер өнері" ББ түлектерінің практикалық дипломдық жұмыстарын орындауға және көрсетуге көмектеседі.

4. Жалпы ережелер


3. Бұл ереже иллюстраторлардың қызмет көрсету тәртібін белгілейді, құқықтарын, міндеттерін айқындайды.

4. Иллюстраторлармен қамтамасыз ету:

1) «Эстрада өнері», «Дәстүрлі музыкалық өнер» ББ, Аудиоөндіріс ББ

2) Оркестрге иллюстраторларды оқу процесіне шақыру академия студенттерінің оқу және оқу-шығармашылық үдерісінің ерекшелігіне байланысты оның негізгі түрлерінің бірі ансамбльдік және оркестрлік репертуардағы шығармаларды орындау болып табылады. Оркестрге иллюстраторларды шақыру үшін шығармашылық оқу процесі негіз болып табылады.

3) Оркестрдегі иллюстраторлардың ақылы қызметтерінің тізбесі ансамбльдік дағдылар мен кәсіби дағдыларды: техникалық дағдыларды және аспапта мәнерлеп орындаудың көркемдік құралдарын меңгеру, импровизациялау қабілеті, партитураны көру, жанды пульсацияны қамтамасыз ету, музыкалық

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.15-2023
		30.11.2023 ж.
Ереже нормативтік құжат түрі		Бет 6-12

мата, парақтан музыкалық мәтінді еркін оқу, тасымалдау (транспонирование).

5. Хореография ББТ, / «Балетмейстерлік өнер» ББ/.

1) «Балетмейстерлік өнер» түлектерінің дипломдық жұмыстарының сапалы көрсетілімін көрсету үшін иллюстраторларды шақыру қажет.

2) Иллюстраторлардың ақылы қызметтерінің тізіміне қойылымға қатысу, дайындық үдерісіне қатысу, дипломдық жұмысты қорғауда тікелей орындау кіреді.

5. Жұмыс тәртібі

6. Студенттік оркестр мен ансамбльдердің толыққанды жұмыс істеуі үшін сондай-ақ, концерттік қызмет үшін жетіспейтін аспаптардың орнына кафедра меңгерушілері кәсіби біліктілігі бар кәсіби музыканттарды шақырады.

7. Қажеттілікке байланысты әр оқу жылында оркестр аспаптарының жетіспеушілігіне қарай сондай-ақ, орындалатын бағдарламаға байланысты қажетті иллюстраторлардың саны түзетіліп отырады.

8. Оркестрге шақырылған иллюстратор-орындаушылардың бір бөлігі кафедра оқытушылары болып табылады, олардың кәсіби деңгейі концерттік қойылымдарға байланысты барлық орындаушылық міндеттерді орындау үшін жеткілікті.

Балетмейстерлік өнер үшін:

9. Түлектердің дипломдық жұмыстарына «балет артисі», «ансамбль артисі» кәсіби біліктілігі бар кәсіби иллюстраторлар шақырылады.

10. Қажеттілікке байланысты әр оқу жылында түлектің дипломдық жұмысында жұмыс істейтін орындаушылардың құрамына байланысты қажетті иллюстраторлардың саны түзетіліп отырады.

11. Академияның бекітілген жұмыс оқу жоспары негізінде мамандықтар бойынша кафедра меңгерушілері академия ректорының атына сағаттық жүктеменің есебімен ұсыныс береді.


12. Иллюстраторлар білім алушылардың бекітілген кестесі бойынша жұмыс істейді.

13. Иллюстраторлар кафедралардың, факультеттердің аралық аттестациялары, қорытынды аттестациялары және концерттер қойғанда кезінде қатысады.

6. Иллюстраторларға қойылатын талаптар

14. Техникалық шеберлікті және орындау мәнерлілігінің көркемдік құралдарын меңгеру.

15. Музыкалық материалдың жанды пульсациясын қамтамасыз ету, парақтан бетінен нота мәтінін еркін оқу, тасымалдау.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.15-2023
		30.11.2023 ж.
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 7-12

16. Студенттермен ансамбльдік және оркестрлік партиялармен жеке және топтық жұмыс: техникалық қиындықтарды пысықтау, орындалатын шығармаларда композитордың көркемдік ниетін іске асыру үшін әртүрлі орындаушылық тәсілдерді іздеу.

17. Сабақтарда, аралық бақылауларда, қорытынды бақылауда (емтихандарда), концерттерде, спектакльдерде музыкалық материалды кәсіби орындау.


18. Дыбысты сапалы безендіру, сондай-ақ оркестрдің дыбыстық аппаратурасын орнату және баптау.

19. Хореографиялық материалды қойылым процесінде, дайындықтарда, аралық және қорытынды бақылауда (емтихандарда) және қорытынды аттестаттауда (дипломдық жобаны қорғау) кәсіби орындау.

7. Міндеттері

20. «Орындаушылық өнер» ББТ иллюстраторлары үшін:

- 1) партитураның жетіспейтін аспаптарының орнын толтыру және ансамбль немесе оркестр құрамында орындау мақсатында оқу процесіне қатысуға құқылы;
- 2) тиісті мамандық бойынша жеке, ансамбльдік және оркестрлік репертуарды меңгеру;
- 3) ансамбльдік және оркестрлік шығармаларда импровизация жасау қабілетін меңгеру;
- 4) аспапта орындаудың техникалық шеберлігі мен көркемдік мәнерлілік құралдарын меңгеру;
- 5) ноталық мәтінді парақтан еркін оқу, транспондау дағдыларын меңгеру;
- 6) студенттермен бірлесіп, олардың ансамбльдік немесе оркестрлік партияларды меңгеру мақсатында жеке және топтық сабақтар өткізуге міндетті;
- 7) оқыту бағдарламасына сәйкес ансамбльдік және оркестрлік репертуар партиясының студенттерімен бірге оқу;
- 8) білім алушыларда ансамбльдік және оркестрлік ойынның орындаушылық дағдыларын қалыптастыруға, олардың көркемдік талғамын дамытуға, музыкалық-бейнелі түсініктерін кеңейтуге және шығармашылық даралығын тәрбиелеуге ықпал ету;
- 9) оқу, дайындық және концерттік процестерде туындыларды зерделеу процесінде тиісті партияларды орындауға міндетті;
- 10) концерттік бағдарламалардың техникалық сүйемелдеуін және дыбыс режиссурасын қамтамасыз етуге міндетті;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.15-2023
		30.11.2023 ж.
<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі		Бет 8-12

11) музыкалық туындыларды сабақтарда, емтихандарда, аралық бақылауларда, концерттерде (спектакльдерде), көрсетілімдік қойылымдарда кәсіби орындауды қамтамасыз етуге міндетті;

21.«Балетмейстерлік өнер» ББ иллюстраторларының міндеті:

- 1) қойылымдық, репетициялық процестерге, аралық және қорытынды аттестаттауға (дипломдық жобаны қорғау) қатысуға;
- 2) тиісті хореографиялық ББ бойынша кәсіби орындаушылық шеберлігін меңгеру;
- 3) техникалық шеберлікті және орындау мәнерлілігінің көркемдік құралдарын меңгеру;
- 4) оқу, қойылым және дайындық процестерінде, сондай-ақ дипломдық жобаны қорғау кезінде хореографиялық композицияны құрастыру процесінде тиісті партияларды орындауға міндетті;
- 5) репетициялар мен көрсетілімдерді көрсету кестесін ұстануға міндетті;

8.Құқықтары


22.Иллюстраторлардың құқығы:

- 1) өз қызметінің мәселелеріне қатысты қажетті материалдар мен құжаттарды сұратуға және алуға құқылы;
- 2) жұмысты жетілдіру бойынша ұсыныстарды қарауға ұсынуға;
- 3) орындалатын жұмысқа байланысты барлық анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер туралы ескертуге міндетті;
- 4) өз міндеттерін орындау үшін қажетті ақпаратты сұратуға;
- 5) өзінің құқықтары мен міндеттерін, өз міндеттерін орындау сапасын бағалау өлшемшарттарын айқындайтын құжаттармен танысуға құқығы бар;
- 6) факультет деканынан көмек көрсетуді, оның ішінде ұйымдастыру-техникалық жағдайларын қамтамасыз етуді және міндеттерді орындау үшін керекті құжаттарды ресімдеуді талап етуге құқығы бар;
- 7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асырады.

9.Жауапкершіліктері

23.Иллюстраторлардың жауапкершілігі:


- 1) өтелетін қызметтер көрсету туралы шартта көзделген өз міндеттерін тиісінше орындамағаны немесе орындамағаны үшін тоқтатыла тұрады;
- 2) Академия қызметін реттейтін ережелер мен ережелерді бұзғаны үшін;
- 3) өз қызметін жүзеге асыру барысында жасалған құқық бұзушылықтар үшін
- 4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген шектерде жүзеге асырылады;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.15-2023
		30.11.2023 ж.
<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі		Бет 9-12







- 5) материалдық залал келтіргені үшін - Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында айқындалған шекте.
- б) қағидаларды орындағаны үшін академияның ішкі қағидаларын және еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі нормаларын сақтау.


10. Иллюстраторлық сағаттар

24. «Эстрада өнері», «Дәстүрлі музыкалық өнер», «Аудиоөндіріс», білім беру бағдарламалары бойынша иллюстраторлық жүктеме ансамбль немесе оркестр құрамында аудиториялық және БОӨЖ орындау үшін оқу жұмыс жоспарындағы базалық пәндер мен бейіндік пәндердің кредит санымен айқындалады. «Балетмейстерлік өнер» ББ хореографиялық композицияны құрастыру процесінде тиісті партияларды орындау үшін иллюстраторлық сағат пәннің кредит санымен айқындалады.
25. Оқу сабақтарын өткізуге шақырылатын қызметкерлерге сағаттық еңбекақы бойынша да жүзеге асырылады (1 қосымшасы).

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.15-2023
		30.11.2023 ж.
Ереже нормативтік құжат түрі		Бет 10-12

Келісу парағы


Әзірленді:		
Оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру қызметінің басшысы		Турдалиева Б.К.
Келісілді:		
Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор		Амирбеков Ш.А.
Оқу-әдістемелік қызметтің басшысы		Джумадилова Ж.А.
Ішкі сапаны қаматамасыз ету және мониторинг қызметінің басшысы		Маткерим Д.А.
Заң бөлімінің басшысы		Сейтбекова Г.Д.
Стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті жүйесі бөлімінің басшысы		Молдабаева А.Е.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.15-2023 30.11.2023 ж.
	Ереже нормативтік құжат түрі	Бет 11-12









Қосымша 1

Иллюстраторлардың жүктеме нормасының кредиттер саны

Қызметі	Тәжірибелік сабақтарға арналған кредит саны						Сағаттық төлем
	0,25	0,5	0,75	1,0	1,25	1,5	
Иллюстратор	11	21	32	42	53	63	225

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-1.15-2023
		30.11.2023 ж.
Ереже нормативтік құжат түрі		Бет 12-12

Танысу парағы

Қызметі	Қолы	Т.А.Ә.
Кино және ТД факультетінің деканы		Бакеева М.Қ.
Хореография факультетінің деканы		Габбасова Г.Н.
Музыкалық өнер факультетінің деканы		Касимова З.М.
Балетмейстерлік өнер кафедрасының меңгерушісі		Молдахметова А.Т.
Эстралық вокал кафедрасының меңгерушісі		Елубаева М.А.
Эстрада оркестрінің аспаптары кафедрасының меңг		Абельтаева Ж.Е.
Дәстүрлі муз.өнері кафедрасының меңгерушісі		Бекмолдинов Н.С.
Дыбысрежиссурасы және операторлық өнер кафедрасының меңгерушісі		Мырзашева А.Т.